



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

I том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы

III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том I

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings

of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

I том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Ә 43 Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. –218 б.

ISBN 978-9965-31-976-1

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Звезда Содружества» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Древо жизни» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселесі», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ 1/14
БЖ 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, ПРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2018 года

Том I

Астана, 2018

УДК 1/14
ББК 87.0
А 43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А 43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. –218 с.
Т.1

ISBN 978-9965-31-976-1

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INSTITUTE OF PHILOSOPHY OF THE RAS
INSTITUTE OF PHILOSOPHY, POLITICAL SCIENCE AND RELIGION
OF THE CS MES RK
KAZAKHSTAN BRANCH OF THE M.V. LOMONOSOV MSU

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY, DEVELOPMENT
OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS, AND MORALITY**

Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Astana, 2018

UDC1/14
LBC 87,0
A 43

Editorial Council

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, Farifolla Yesim,
G.A. Adaeva, S.A. Arystambaeva, M.M. Bozzhigitova,
K.A. Medeuova, D.T. Tolgambaeva

A43 Actual problems of world philosophy, human development, his consciousness and morality: Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference (February 16-17, 2018, Astana, Kazakhstan) in 2 volumes. – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018–218 p.

ISBN 978-9965-31-976-1

The collection contains Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference "Actual Problems of World Philosophy, Development of Human, His Consciousness, and Morality", dedicated to the 85th anniversary of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, the Laureate of the Kazakh SSR State Prize in the field of science and technology, the Commonwealth Star Interstate Prize, the President's Peace and Spiritual Consent Prize, Russia's the Tree of Life Prize, and Shokan Ualikhanov's First Prize.

There were sections within the framework of the conference: "History of philosophy, actual problems of the theory of knowledge and methodology of science", "The problem of man and morality in the contemporary world", "Academician Zh. Abdildin and the development of the problems of dialectical logic, the theory of knowledge, man and morality".

It is addressed to all interested in the actual problems of contemporary philosophy and creativity of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the NAS RK

The published materials are presented in the author's edition.

UDC1/14
LBC 87,0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ РӨЛІ

Тұрсынбаева А. Ө.

Астана қ., aigul_73kz@mail.ru

Қазіргі қоғамда тарихи өзіндік сананы жаңғырту және төл мәдени мұраны игеру, оны қазіргі қоғамның даму үрдісіне лайықты жаңартып, үйлестіріп отыру, ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыруға өзекті мәселелер болып отыр. Мәселе ел болашағының дүниетанымдық бағыт бағдарын айқындау, басты құндылықтарды сақтау. Әрине бұл құндылықтар болашаққа бастайтын қасиеттілігі сарапқа салынбайтын құндылықтар болуы тиіс. Мұндай құндылықтар қазіргі жаһанданып, ұлттық өзгешелігімізді өзгертіп бара жатқан әлемде біздің ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, дәстүрімізді, руханиятымызды, санамызды жаңғыртуды қамтамасыз етуі қажет. Бұл мәселеде ұлттық тарих пен мәдениеттің кеңес үкіметі тұсындағы идеология қысымымен ұмыт болған құндылықтарымызды қайта жаңғыртудың маңызы зор. Болашаққа сеніммен нық қадам басу үшін, дамудың рухани бағдарын айқындау үшін, ата - бабаларымыздан қалған ғасырлар бойғы жинақтаған мәдени мұрасын игеру қажет. Халықтың ұлт болып ұйысып, сақталып қалуы өзінен кейінгі ұрпағына сабақтастық арқылы тұрақты нақты мәдениет беру отыруы, ұлттың бірегейлігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ұлт көшбасшысы «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» деп аталған өз мақаласында сананы жаңғырту үшін ұлттық-рухани тамырымыздан нәр алуы керектігін нақты айтты. Ұлттық тамыр дегеніміз - өз дәстүрімізбен жалғасатын дүние. Ұлттық дәстүрімізден айрылсақ - қазақылықтан айрыламыз, қазақ болудан қаламыз. «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деп жеткізді ұлт басшысы Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасымыз әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті. Ол бағыттардың бірі - ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық бірегейлікті сақтауды әркім өзі отбасынан бастау керектігін айтады. Ұлттық жаңғыру дегеніміздің өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Ұлттық код - ұлттың қуаты. Ұлттың қуаты ана сүтімен бойға дарыған рухани құндылықтарымыз, имандылық пен инабаттылықтылығымыз.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды» – деп, ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін әрбір қазақстан азаматы түсіне білуі керек екендігін баса айтты. Қазіргі жаһандану жағдайында батыстың өзі шығыстың рухани құндылықтарына бас бұра бастады. Кезінде бірлікті, ар ұятты, ынтымақты адамшылықтың туы етіп қастерлеп өткен ата - бабаларымыз өмірлік ұстанымындағы барлық қасиетті құндылықтарды дәстүр арқылы, мұрагерлік жолмен, тарихи жады арқылы ұрпағына беріп отырған. Еліміздің кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі бағыт-бағдарын, ертеңгі жарқын болашаққа жеткізер жолын айқындауда тарихи жадының берер дүниесі мол. Рухани жаңғыруда, ұлттық кодпен бірегейлікті сақтауда тарихи сана мен тарихи жадының алар орны ерекше.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде көптеген этностардың мәдени айырмашылықтары өзгеріске ұшырап, тарихи жадыдан жоғалуда. Әсіресе жаһанданудың ықпалы ұлттық мінезі ашық, сыртқы мәдени өзгерістерді қабылдауға бейім қазақ халқы үшін өте қауіпті. Елбасымыз қазақстан халқының ұлттық бірлігінің тұтастығын атап көрсете отырып, оның негізі үш байлығын атады: жалпы тарих және тарихи жады, адамгершілік құндылықтар, біртұтас болашақ. Яғни, халықтың рухани бірлігін сақтауда және нығайтуда тарихи жады бірден - бір негізгі механизм болып табылады. Ғалым М.С.Орынбековтың көрсеткеніндей: «қазақтар үшін ең маңызды тарихи жады, ата - баба өсиеті, әдет ғұрып пен дәстүр сабақтастығы» [1, 106] деп, көшпенділер үшін тарихи білім рухани мәдениеттің, дүниені

қабылдауда және әлемдегі адамның өзін қабылдауда негізгі элементі болып табылатындығын нақты айтқан. Әрбір жеке адам мәдениеті сол қоғамның мәдени тәжірибесінің тарихи сабақтастығынан алады. Яғни әдет ғұрып пен дәстүрдің тарихи сабақтастығы сол қоғамның тұтастығын бірлігін сақтауға бағытталады. Яғни, бұл қоғамның тұтастығымен бірлігін сақтауда тарихи жадының маңызы зор. Жады уақыттың бұзу күшіне қарсы тұрады. Жады - уақытты еңсеру, кеңістікті еңсеру. Жады ар-ұжданның және моральдің негізі, демек бұл мәдениет негізі. Жадыны сақтау біздің өзімізге және ұрпақтарымызға деген міндетіміз болып табылады. Жад біздің байлығымыз.

Жады барлық адамдар үшін аса білім сақтаудағы құнды құрал және сенімді архив. Ешбір күмәнсіз барша адамның «жеке мұрағаты» естеліктері болады. Жадының негізі – естеліктер. Жадыда сақталған дерек, ақпараттар тарихи сипатта болса, тарихи естеліктер болады, ал егер туыстық жайында болса, генеалогиялық естеліктер болады. Тарихи мазмұндағы, сипаттағы естеліктер арқылы тарихи шындық туралы тарихи сананы, түсінікті қалыптастыруға болады. Құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілу барысында, тарихи сананы, түсінікті қалыптастыруда тарихи жады басты рөл атқарады. Біздің халқымыз жадыны дамытуда, сақтауда алдына жан салмаған халық. Халықтың ауыз әдебиеті, қара өлеңдері сол жадының арқасында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Дініміз де, тіліміз де, діліміз де халық фольклорында өз кемелдігін жоғалтпаған. Тарихи сана мен тарихи жады қалыптастыру қажеттілігі тіпті қоғам дамуының ерте сатысында да жүзеге асырылды. Эпостарда, ертегілерде, ерлік эпостарында ата-бабаларымыз сенімі, діні сақталып, олардың қоғамының өткенін білуге және құрметтеуге, дәстүрмен әдет ғұрыпта қалыптасқан ата - бабаларымыздың еңбекке, табиғатқа, адамдарға қатысты әдеби нормаларын сақтауға тырысқан. Халықтың қара өлеңі деп жүргеніміз сол жадыны жетілдірудің, сақтаудың бір жолы ғана. Қара өлеңде дініміз де, тіліміз де, діліміз де түгел сиып тұратын керемет кемел еді. Көшпенді халық ел тарихы мен өз шежіремізді өлең мен мақал-мәтелдер арқылы беріп отырдық. Өлең мен мақал сөз өзгертуге оңай көнбейді, кім айтса да сол қалпында қалады. Ұйқас қажетті ойды ғана қабылдайды, тек керектіні сиғызады да кім естесе, солайша есіне сақтайды.

Көшпенді қазақтар жадыны өлеңмен, қара сөзбен жетілдіріп «шешендік өнерін» шегіне жеткізсе, ұйқас арқылы бір естігенін өмірі ұмытпайтын «құйма құлақтарды» тәрбиелеп, жетілдірді. Жеке адамның жады осылайша «қоғамдық жадыға» айналды. Жеке адамдардың жадысы, зердесі барлық көшпенділер даласын қамтыған өшпес «Сөз өнерін» туғызды. Он жетінші ғасырда еуропалық саяхатшылардың «қазақ даласы түгел өнер сахнасы екен» деп, баға берген кезеңі осы болатын.

Сал, серілер заманында жадының ғаламат шарықтау кезеңі болды. Біржан салдың: «Базарың құтты болсын Қоянды елім!» дейтін атақты әні, өлеңнің әуенмен әрленіп жадының Жаратушы нұрымен жарқыраған шағы!

Ежелгі өркениеттер дәуірінде де тарих әлеуметтік тұрғыда адамды тәрбиелеуде, этникалық санасын қалыптастыруда халықтық жады теңдесі жоқ тарих болып табылған. Жаңа заман уақытысында өткен қарым-қатынаста адам әлемін білудің, ағартудың, өзін-өзі танудың және жеке дамудың тәсілі болды. Бүгін біз тарихты зерделеу негізінде өркениеттің даму тәжірибесін, әмбебап мәдениеттің барлық құндылықтарымен иемденіп, сонымен қатар өз отанымыздың өзіндік ерекшелігін сезінуге болатынына көзіміз әбден жетті.

Адамзат баласы тарихи санасын, тарихи жадын жоғалтпай, ғасырлар бойы жинақталған руханиятын бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріп отырса, сол елдің өшпестігі тарихи жадымен өлшенеді. Академик Ғарифолла Есімнің тарихи жадыға байланысты майя халқы туралы келтірген мысалы тыңдаған қауымға өте әсерлі. Бұрынғы тарихында керемет өркениет иесі болған майя халқы қазіргі кезде өзінің сол кереметтігі туралы ешбір мәлімет білмейді, яғни тарихи жады жойылған. Бірде-бір құндылық сақталмаған, ұрпақтар сабақтастығы жоқ. Ал қазақтар он ғасырдан артық бұрын тарихтан өткен Қорқыт туралы «қайда барсаң Қорқыттың көрі» сөзі қаншама ғасыр бойы ең басты дүниетанымдық құндылық ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандығы таңғажайып нәрсе. Құндылықты

тарихи жадыда сақтау халықтың ұлылығы. Алдыңғы дамуымен сабақтастық жойылған жағдайда, сабақтастықтың жаңа жағдайларға бейімделе алмаған тұстарында тарихи байланыс үзіліп, тарихи ұмыту тетігі іске қосылады. Бұл ұмыту анағұрлым әлеуметтік маңызды ақпаратқа орын беруі тиіс. Алайда ұмытушылық идеологиялық догмалар мен саяси күштердің араласуынсыз, табиғи түрде жүзеге асуы керек. Олай болмаған жағдайда әлеуметтік жады зорлықпен тазартылып, жасанды, формалданған тарихи сана бекітіледі. Сонда бір кезде осы адамзаттың жады жойылып кетеді, не жойылмайды. Жойылмауға не әсер етеді. Әрине дәстүр әсер етеді. Егер елде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын дәстүр болса, дәстүрді жүргізетін адамдар болса, сол мемлекет, сол халықтың басшылары мен көсемдері мүдделі болатын болса, құндылықтар жүйесі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Ал егер ондай мүдделілік болмаған кезде, әр ұрпақтың құндылығы келесі ұрпаққа дейін жойылып кетеді. Әр буынның құндылығы дегеніміз не? Әр ұрпақтың, не буынның құндылығы деген сөз – ол адамзаттың сол ұрпаққа дейінгі жады. К.Юнгтің айтып отырған архетипі сол бүкіл адамзаттың жады. Бұл құндылық ретінде ары қарай берілмесе, сол жерде барлығы жойылады. Сол жерде апат болады. П.Нораның поколение место памяти деген еңбегінде де бұл мәселе қарастырылған. Ұрпақтар жады деген сөз – баға жетпес қазына. Егер тарихи жадыны бір ұрпақ ары қарай келесі ұрпаққа бере алмаса, бұл ұрпақ қарғыс атқан ұрпақ болып қала береді. Демек сабақтастық үзіледі.

Қазіргі жағдай басқаша. Қазақстанның саяси тәуелсіздікке қол жеткізуімен қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер орын алды. Белгілі бір идеологияның озбырлығымен тарихи тағдырдың тәлкегіне түскен, ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғырту мүмкіндігі туды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендетуге, жаңғыртуға жол ашылды. Ұлттық құндылықтарды қайтару; ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; халықтың тарихи өткенін жан-жақты зерттеулер; халықтың мәдени-рухани мол мұрасын игеру; ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру; ұлттық кодымызды, бірегейлігімізді сақтау әрбір ұрпақ алдындағы биік мұрат. Құлдық санадан арылу, азаттану, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру үшін болашақтың кепілі жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде аса ыждағаттылық қажет. Қазіргі тарихи сананың жаңаруында тарихи білім мен ғылым ерекше орын алады. Тарихи сана мен тарихи таным диалектикасы қатар жүруі тиіс. Қоғамның тарихи санасының жаңғыруы – күрделі үдеріс. Т.С. Тошченконың айтуынша, тарихи жады «өткен және қазіргі заманмен тығыз қарым-қатынаста, өткен туралы ақпараттың ерекше маңыздылығы мен өзектілігін көрсететін белгілі бір саналы сана». Тарихи жады - бұл халықтың, мемлекеттің іс-әрекетінде немесе оның ықпалын қоғамдық сана саласына қайтару үшін бұрынғы тәжірибесін ұйымдастыру, сақтау және қалпына келтіру үдерісінің өрнегі». 1980-1990 жж. әлеуметтанушылар әлеуметтік сананың осындай феноменін тарихи жады деп түсіндіру қажеттілігіне тап болды. Оның әртүрлі аспектілерін және көрініс формаларын мұқият зерделеудің нәтижесінде осы тұжырымдама барынша мақсатты, мұқият және біртіндеп теориялық негіздемені және эмпирикалық түсіндірулерді ескерді. Тарихи жады екі көріністе қарастыратын француз социологы М. Халбвахс - ұжымдық және жеке (жекелеген) жады. Ұжымдық жады - зерттеуші пікірінше, қоғамның бірегейлігінің кепілі. Ол өзінің жады туралы тұжырымдамасында индивидқа жеке және ұжымдық жадының екі түрі қол жетімді екендігін айтады. Жеке және ұжымдық жады өз заңдарына сәйкес дамиды. Ұжымдық жады тарихи сананы қалыптастырады. Тарихи жады дегенде субъектінің бастан өткерген тәжірибені сақтау қабілеттілігін түсінуіміз қажет. Екінші жағынан, бұл тәжірибені өңдеу арқылы тарихи сана қалыптастыру барысында орын алған естеліктерді еске түсіру үшін белгілі бір мағыналық-шығармашылық әрекеттердің нәтижесін қамтиды. Тарихи дамудың үздіксіздік процесін қамтамасыз ету және жеделдету, тарихи сананың қалыптасуын, жұмыс істеуін және қарқындылығын тарихи жады анықтайды. Өйткені, өткенді зерттей отырып, ықтимал нұсқаларды тексеріп, болжамдарды жетілдіру арқылы болашақтың ерекшеліктерін болжай аласыз ба? Өткенді білу, тарихқа жүгіну арқылы жағдайлардың көптігі туралы жақсы білу ең

ықтимал, болжамды құруға мүмкіндік береді. Тарихи сананың пайда болуы мен дамуы және оның маңызды құрамдас бөлігі тарихи жады кез-келген адамзат қауымдастығының материалдық және рухани мәдениетінде уақытты байланыстырады, бұл мәдениеттің тарихи тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 с.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАНЫМЫ

*Таурова Б.Л.,
Астана қ., b_t_l@list.ru*

Шоқан ежелгі халықтың тарихтағы орнын саралай отырып, дәстүр мен діни құндылығы кіріктірілген жерден алынған өміршең идеяларды әлемдік деңгейде саралады. Бұл жерде екі негізгі мәселеге тоқталуымыз қажет. Біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрдің халық танымындағы орны мен қызметін жергілікті наным-сенімімен жымдастыра айқындау, екіншіден сол халық танымына әсер еткен әлемдік діннің еркін немесе күшпен таралған тұстарын мәдени өлшемдермен байланыстырып, өркениет деңгейіне көтеріле алдыма деген сауалдың төңірегінде ой қозғау болып отыр. Шоқан ұлттық сананы жоюда жаулаушы елдің саяси ұстанымы өктемдікке толы болатынын білді. Ұлт - тарих өтінде мәдени, діни, саяси ықпалдастықта болған. Ұлттың өзін сақтауда саяси жүйелер дәстүрге жүгінуді қажет етсе, ал сіңісіп кету дәстүрден алшақтап, дінге басымдық берумен өлшенген. Шоқан ұлт танымының толысуы мен күйзелісін осы екіарадан іздеп, дін-философиясы тұрғысынан зерделеген.

Ежелгі халық танымында ауызша мәдениеттен кейін жазбаша мәдениеттің орны қоғамда ерекше қызмет атқарған. Жазу мәдени-рухани тұрғыдан ұлттың толысуына көмек берген. Мысалға алатын болсақ, арамей тілі: еврей, сирия, иран, араб деп төртке бөлінген. Иудаизм Сириялық христианшылдыққа, зороастризм, мұсылман дінінің дәуірлеуіне байланысты дамыған. Өткен тарихқа қарасақ, зороастризм мен шығыс христианшылдыққа қызмет еткен арамей тілі мұсылман діні шыққанға дейін бүкіл шығыс елдеріне кең тарапты. Қиыр Шығыс пен Сібірде иероглиф және сына жазуы өрістепті. Кейін ислам дінінің дәуірлеуіне байланысты Қиыр Шығыс иероглиф жазуынан басқасын араб жазуы жұтып жіберіпті. Мамандардың айтуынша, араб жазуы арамей жазуының набатей тармағынан тараса керек.

Алтай тіл тобына жататын түркі халықтары ерекше мәдени-тарихи типті құраған. Өзара түсінісу жолында тілдік ерекшелігінде айтарлықтай өзгешелік болмаса да, дүниетанымы далалық танымға негізделді. Діни, мәдени, саяси ұстаным қоғамда маңызды болған. Қаншама ұлт өзінің ұлттық болмысын сақтай алмай өзге ұлттарға этнографиялық құрал ретінде сіңісті. Мұны саяси шапқыншылық және діннің күшпен таралуының арқасында өзге ұлттың құрамына кіріктіріліп кеткенімен байланыстырамыз. Шоқан ғалым ретінде ұлттық психологияны қалыптастырған нәзік өлшемдерге талдау жасағанда, тарих көшіндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани байланыс негізінен іздеген. Осының негізінде әлем халқының ойлау машығы мен психологиясы мәдени-рухани, саяси байланыста өзін не аша түседі не қауқарсыздыққа ие болатынын жазған. Шоқан ұлтқа қатысты арнайы еңбек жазбаса да, діни танымын дін-философиясы тұрғысынан зерделеген.

Әлемдік мәдениет пен өркениетке үлес қосқан халық бір ұлттың танымымен көтерілмеген. Себебі, ешбір ұлттың қоғамынан діни, мәдени, саяси жүйенің бір арнадан тоғысқан жерін көрмейміз. Мысалға алатын болсақ, еврейлерге дін, гректер мәдениет,